

«Қамқоршылық кеңес» отырысының  
ХАТТАМАСЫ № 3

Мерзімі: 01.02.2025 ж

Қатысқаны: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, хатшы.

**Күн тәртібіндегі мәселелер**

- Мектеп-лицей директорының мектептің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебі  
Мектеп-лицей директорының міндетін атқарушы Ш.Аймагамбетова
- Мектеп-лицейдегі білім сапасы туралы директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының есебі  
Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Омарова
- Мектептегі ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысының тиімділігі  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Габбасова
- Оқушыларға қатысты зорлық-зомбылықты, буллинг пен кибербуллинг тің алдын алу бойынша жұмыстардың ұйымдастырылуы  
Мектеп психологы С.Жоламанова

**Тыңдалды:**

**1.Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей директоры міндетін атқарушы Ш. Аймагамбетова сөз сөйледі:**

Қамқоршылық кеңестің алдыңғы отырысында мектептің материалдық-техникалық базасы бойынша толық тоқталып кеткен едік. Енді мектебімізге 2024 жылы алынған заттардың кейбіріне тоқталып кеткіміз келіп тұр. Алынған заттардың барлығы білім алушылар оқуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арналған.

1. «Алақап» жүйесімен жұмыс жасайтын турнир- 6 дана 13 млн 800 мың
2. Әдістемелік кабинетке арналған орындық – 20 дана 400 мың
3. Турнир столы- 20 дана – 900 мың
4. Мальберт-15 дана 165 мың
5. Технология кабинетіндегі тігін машинасына арналған үстелдер-12 дана -600 мың
6. тақтасы бар проектор-2дана 1 млн 200мың
7. Дыбыс және бейне камераны орнату -44 дана 5 млн 576 мың
8. Мектеп жиһаз жинағы – 3 кабинетке 12 млн 399 мың
9. Технология кабинетіне кесіп-пішуге арналған үстел-2 дана 400 мың
10. Үтік-1 дана 46 мың
11. Ас үй жиынтығы (технология кабинетіне арналған шкафтар) – 1 дана 1 млн 80 мың
12. Музейдегі әйнек көрмелер-14 дана 1 млн 316 мың
13. Ақпараттық дүңгіршек-1дана 998 мың
14. Мұғалімдер бөлмесінің толық жабдықталуы  
үстел- 1 комплект 606 мың,  
диван -2дана 1 млн 124 мың,  
кілем -178 мың ,  
3 тумбочка-228 мың 990

**Екінші мәселе бойынша директордың оқу –тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Омарова сөйледі.**

2024-2025 оқу жылының ІІ тоқсанының басында 1365 оқушы болды. Келгені-23 оқушы, кеткені – 6 оқушы. ІІ тоқсан аяғында 1382 оқушы, оның 642 қыз бала.

класс	класс жетекші	ІІ тоқсан	үлгерім	І тоқсан
1А	Жангельдина Л. Баға шықпайды			
1Ә	Есубаева Г.			
1Б	Қушқабасова З.			
1В	Бисенова Г.			
1Г	Утениязова М.			
1Д	Толесубай М.			
1И	Исмаилова А.			
2А	Қожабек М.	75	100	71
2Ә	Есеева Т.	65	100	61
2Б	Рысжанова Г.	77	100	73
2В	Хабибуллинна Ж.	81	100	78
2Г	Дошанова Г.	79	100	79
3А	Кенжегазина А.	57	100	57
3Ә	Байгожина Г.	57	100	57
3Б	Есенбаева Б.	59	100	56
3В	Қосанова Д.	59	100	64
3Г	Абдигалиева М.	64	100	71
3И	Исмаилова А.	62	100	60
4А	Жантурсева М.	65	100	60
4Ә	Бейсова Г.	73	100	73
4Б	Ахметова А.	58	100	69
4В	Бурабаева Н.	58	100	58
4Г	Кидирбаева Ж.	77	100	80
4И	Мухамбетова А.	42	100	44
5А	Тлепбергенова М.	55	100	61
5Ә	Молбаева Б.	45	100	55
5Б	Жұмағалиева Ұ.	45	100	45
5В	Жубаева Қ.	74	100	59
5Д	Бармашева Ш.	96	100	96
5И	Бегимова М.	48	100	50
6А	Ерғазиева М.	43	100	48
6Ә	Утепбергенова А.	57	100	39
6Б	Жұмағанбетов Д.	30	100	30
6В	Хамзаева С.	39	100	61
6Д	Максұтова А.	100	100	100
6И	Габбасова А.	48	100	48
7А	Тілегенқызы Р.	25	100	25
7Ә	Айтжанова А.	32	100	27
7Б	Койшыгулова С.	33	100	33
7В	Убайтжанова А.	42	100	38
7Д	Жарылғас А.	95	100	95
7И	Бекенова Р.	38	100	36
8А	Оспанова Ә.	37	100	54
8Ә	Дағарова А.	44	100	52
8Б	Сисенғалиева Т.	30	100	32
8Д	Картмағамбетова Б.	100	100	100
8И	Иламанова Д.	47	100	53
9А	Даулетов А.	35	100	27
9Ә	Калыкова А.	48	100	28
9Б	Аймағамбетова А.	28	100	28
9В	Құлдықова А.	24	100	25
9Д	Утарбаев Б.	91	100	78
9И	Бекенова Р.	27	100	20
10А	Әбдідәева Ә.	47	100	53

10Ә	Отарбаев Ж.	40	100	21
10Б	Досмаганбетова Г.	90	100	80
10В	Адилбаев Е.	52	100	38
11А	Орынбасаров А.	32	100	22
11Ә	Мамырова Ғ.	68	100	57
11Б	Албіқалықова С.	76	100	88

**Келесі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Габбасова сөйледі:** Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау қоры» бойынша жүргізілген жұмыстар.

Бұл жұмыс былтырғы оқу жылына бастап жүзеге асырылып келеді. Әр буын бойынша 8 тақырып қарастырылған. Әр ай сайын өтіп отырады.

Мақсаты: тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестік пен позитивті ата-ана болу мәдениетін дамыту.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бағдарламасы аясында 10 класс жетекшілері Ә.Әбілдаева мен Г.Досмаганбетованың ұйымдастыруымен «Жоғары сынып оқушыларының жетістіктеріндегі креативті ойлаудың маңыздылығы» тақырыбында кезекті отырыс өтті. Мақсаты: жас ұрпақты креативті ойлауға бейімдеудің тиімді жолдарын ұсыну.

2025 жылдың 10 қаңтар күні «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бағдарламасы аясында 2 класс жетекшілері Т.Н.Есеева мен М. Ш. Қожабек және А.Исмаилованың ұйымдастыруымен «Зейін алғырлықтың алғы шарты» тақырыбында отырыс өтті. Мақсаты: Бала тұлғасының тәрбиесінде ата-аналарға қолдау көрсетіп, педагогикалық және психологиялық кеңестер беру.

2024 жылдың 27 қараша күні «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» 1-4 класс оқушыларына арналған бағдарламасының жоспарына сай 1 класс жетекшілері Г.Бисенова, М.Утениязова, М.Толубайдың ұйымдастыруымен «Дұрыс тамақтану әдеттерін қалыптастыру» тақырыбында отырыс өтті. Мақсаты: балалардың салауатты өмір салтының құрамдас бөлігі ретінде ата-аналардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру.

**Соңғы мәселе бойынша мектеп психологы С. Жоламаова сөйледі:** Зорлық-зомбылықсыз 16 күн республикалық акциясында мектебімізде түрлі іс-шаралар өткізілді.

- 9-11 сынып оқушыларына арналған эссе байқауы өткізілді.

- “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” тақырыбында жадынама таратылды.

Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы зорлық – зомбылықты мәселесін түсінуіне, өз-өзіне баға беруге тәрбиелеу, сенімді мінез – құлықты дамыту.

Қатысқандар: 8-11 сынып оқушылары

- “Өзін -өзі бағалау және сенімділікті қалпына келтіру” атты психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: сенімді мінез-құлық дағдыларын пысықтау, өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тану қабілеттерін жетілдіру.

Қатысқандар: 10-11 сынып оқушылары

- 6-7 класс ер балалар арасында “Ер адамның отбасындағы ұл, жұбай және әке ретіндегі рөлі” тақырыбында “Азамат” ағалар клубының жетекшілері ұйымдастыруымен сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Мақсаты: ер балаларға әкенің отбасындағы рөлінің маңыздылығын түсіндіру.

- “Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” жоспарына сәйкес 6-7 класс ер балалар арасында “Ер адамның отбасындағы ұл, жұбай және әке ретіндегі рөлі” тақырыбында “Азамат” ағалар клубының жетекшілері ұйымдастыруымен сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Мақсаты: ер балаларға әкенің отбасындағы рөлінің маңыздылығын түсіндіру.

- «Атадан ұлағат, анадан ғибрат» тақырыбында отбасы құндылықтарын дәріптейтін шығармаларға 10«А», 10«Б» класс жетекшілері мен кітапханашылар іс-шара барысында оқушылар Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіне пікірталас өткізіп, сонымен қатар

Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін», З.Ахметованың «Шуақты күндер», С.Мыңжасарованың «Әйел бақыты», Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармаларын еске түсіріп, «Сұрақ-жауап» әдісі, «Сәйкестендіру», «Learning apps» қосымшасы арқылы талқыланды.

Мақсаты: Жазушылардың өмірі, шығармашылықтары туралы мәлімет беру, оқушыларға қаламгерлердің шығармашылығының мазмұны, тақырыбы мен идеясын ашу, батыл сомдай білген шеберлігін таныту, қаһарлы жылдардағы ел тарихын таныта отырып, оқушы дүниетанымы шеңберін кеңейту, ұлттық құндылыққа баулу.

• "Зорлық-зомбылықсыз 16күн" жоспарына сәйкес "Ізгілік пен сыйластық жолында тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді.

• "Өмір қауіпсіздігі" сағатын өткізілді.

Мақсаты: қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазактау жағдайларының алдын алу. Буллинг, кибербуллинг, лудомания туралы ақпараттар айтылды. Видеороликтер көрсетіліп, тренинг өткізілді.

Буллинг, кибербуллинг алдын алу бойынша жасалған жұмыстар.

Жасөспірімдердің ерте жүктілік және ЖЖБИ(ИППП) алдын алу тақырыбы бойынша түсіндірме жұмысының анықтамасы. Мақсаты : Қыз баланың жеке гигиенасы, ұлт болашағы ретінде жүріс-тұрысы мен қылықтары және ертежүктіліктің алдын алу туралы, оның зардабы жөнінде түсіндіру. Ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан жақты жетілген қыз бала болуға тәрбиелеу.

«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және буллингке жол бермеу».

Мақсаты: класс жетекшіге буллинг кезінде жұмыс жасау алгоритмі ұсыну және оқушылармен сыйластыққа, құрметке негізделген дұрыс қарым-қатынас жасау үшін бір қатар психологиялық кеңестер беру. Қатысқандар: 5-11 класс жетекшілері.

Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын-алу бойынша 8-11 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы буллинг, кибербуллингпен қорқыту. Мектептегі буллингті анықтау және алдын-алу. Қатысқандар: 8-11 сынып оқушылары.

4-11 сыныптардан сауалнама алынып, түрлі тренингтер жүргізу барысында бейресми лидерлерді анықтадық. Қазіргі таңда 18 бейресми лидерлер анықталды. Класс жетекшілермен психологтар бірлесіп жұмыстар атқарып жатыр.

Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылып тұрады. Соның бірі «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен оқушылар «Шұғыла» демалыс орталығына барып, бір күнді интернетсіз өмірге арнап, табиғат аясында демалды.

### Сөйлеушілер:

**А. Суликанова (қамқоршылық кеңес мүшесі):** барлығын тыңдап шықтық. Әрине қазіргі кезде өзекті болып отырған мәселелердің бірі зорлық-зомбылық. Ол тек мектепте емес, отбасы жағдайында орын алатыны белгілі. Мұндай кезде мектеп психологтарының көмегі өте маңызды деп есептеймін. Жүргізіліп жатырған жұмыстарын үздіксіз жүріп, балаларды үнемі қолдап отыру маңызды деп есептеймін.


**А. Бекбосынов (қамқоршылық кеңес мүшесі) :** өзім мектеп жасындағы үш баланы тәрбиелеп отырмын. Бала тәрбиесінде әртүрлі мәселелер кездеседі. Біз баланы мектепке тек 6-7 сағатқа ғана жібереміз. Ол сол кезде мектеп бақылауында болады да, қалған кезде ата-ананың жұмысбастылығына байланысты қараусыз қалып жатады. Осы кезде класс жетекші мен ата-ана үздіксіз байланыста болып, бала тәрбиесіне бей-жай қарамағаны дұрыс шешім. Сонымен қатар көп жағдайда бала бос және қараусыз болғасын құқықбұзушылыққа барып жатады. Сондықтан түсіндірме жұмысын ата-аналармен де

өткізуді жалғастыру керек. Қажет жағдайда мен өзім де келіп жиналыстарда түсіндірме жұмысын өткізе аламын.

### Қаулы

1. I жарты жылдық бойынша білім сапасы назарға алынсын.
2. Мектептегі ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы әрі қарай жалғастырылсын.
3. Оқушыларға қатысты зорлық –зомбылық , буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп танылсын.
4. Мектеп-лицей директорының мектептің қаржы-шаруашылық есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.

«Қамқоршылық кеңесінің» төрағасы:  Д. Тажигутова

Хатшы:  Ә.Әбілдаева

1. Ташан Азамат Серікулов *Аш*
2. Абдрахманов Сазат Шаймердановиз *Сазат*
3. Жаєвманьєзова Гүлзарига Минсерієвие *Гүлзар*
4. Абдрахманова Зарина Караскановна *Зарина*
5. Бекбосынов Асылхан САГИНТАЕВИЗ *Аш*
6. Қымыбеев Светлана Қуаношовна *Светлана*
7. Сүмканова Әжаран Төлеатовна *Әжаран*
8. Қуденбай Әлешурап Сабанбайұлы *Қуденбай*
9. Тажилутова Динара Максимовна *Динара*